

12 жасар АҚПАР РАЗИЯНЫҢ
шығармашылығы

**ЕРТЕГІ
ӘЛЕМІНДЕГІ
ХАНШАЙЫМ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021

Әртүрлі жастағы балаларға арналған ертегілер

ӘОЖ821,512,122,-93

КБЖ84(5қаз)

A40

Акпар Р.

Ертегі әлеміндегі ханшайым, - Р.Акпар, - Нұр-Сұлтан: «Халық-Медиа» - 2021

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны 7-сынып оқушысы Акпар Разия бұл кітапта шығармашылығымен бөліседі. Ақпараттың ағылған заманында кітап оқитын балалар саны азайып бара жатқаны жасырын емес. Кітап оқымаған оқушының қиялы дамымайды, тіл байлығы кедей, идеясын жүзеге асыруға тартыншақ болады. Осы кітап арқылы талантты балаларды қанаттандырып, кітап оқуға, сурет салуға, осындай жинақтар шығаруға мотивация бергіміз келеді. Кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеу біздің мақсатымыз.

ISBN 978-601-06-7220-8

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021

АЛҒЫ СӨЗ



*Сәлем, достар!
Хал қалай? Ертегі мен әңгімелер
оқуға дайынсыздар ма?*

Алдымен танысайық!

*Менің атым Разия, тегім Ақпар.
Нұр-Сұлтан қаласындағы 72-мектеп-
лицейде 7-сынып оқимын. Оқу екпін-
дісімін, бұған дейін инстаграм әлемінде
ертегілеріммен бөлісіп едім. Енді
жинағымды шығарып, өз қиялыммен
бөліскім келеді.*

*Ертегі мен әңгімелерді шығару үшін
басқа да балалар әдебиетімен та-
ныс болып, қазақ газет-журналдарын
оқу қажет. Қазіргі таңда кітаптан*

*гөрі интернет ойындар, ютубтағы видеолар мені де тартып
тұрады. Кітап оқудан гөрі, жеңіл мультфильмдер, арзан вайндар
мен тикток қараған ұнайды. Алайда болашақта табысты бо-
луымыз үшін кітап оқуды әдетке айналдыруымыз шарт.*

*Сондықтан армандайық. Болашақта қандай кәсіп иесі бола-
мыз, осы бастан ойланайық. Кішкене де болса соған қадам басып,
алғы кірпіштерін қалайық. Бұл кітап сол мақсаттың ізгі баста-
уы.*

*Жинақ менің өзім салған суреттермен көмкерілген. Ертегі
тақырыбына сай әрледім. Сурет салғанды өте жақсы көремін.*

*Қазір тоқыма тоқумен айналысып жүрмін. Қолдан әдемі
қуыршақтар тігемін. Болашақта дизайнер болғым келеді.
Жазушылығымды да дамытқым келеді.*

*Менің бала армандарыма қанат байлатып, қолдап отырған
ата-анама, бауырларыма, жақын аға-апаларыма, мектебім мен
ұстаздарыма алғысымды білдіремін.*

Үлкендердің қолдауы болмаса бала қайдан өседі?

Қазақ елінің болашағы балалармен жарқын!

*Сіздердің қолдауларыңыз мен үшін, барлық қазақ балалары
үшін маңызды!*

Менің ертегі әлеміме қош келдіңіздер!

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ХИКАЯСЫ

Ерте, ерте, ертеде Зат есім деген жігіт Қазақ тілі атты мекенде өмір сүріпті. Оның ерекшелігі кішкентай кезінен бастап «Кім? Не?» деген сұрақтар қояды екен. Осы сұрақтарды қоя бергені соншалықты жұртығыр болыпты.

Өсе келе Зат есім өте ақылды, ержүрек, батыл ерге айналады. Ол ауылда тұрғандықтан, ата-анасына көмектесіп, қамқор болып, қой бағуға жәрдемдеседі.

Осындай бейбіт күннің бірінде жағымсыз хабар жетеді. Қазақ тілінің ханы бүкіл ел халқына жар салады:

-Бізге жау келе жатыр! Біздің жерімізді, атамекенімізді жаулап алуы мүмкін! Бізге батырлар қажет. Кім сол жауды жеңсе, асқан батырлық көрсетсе, соған өзімнің қызымды тұрмысқа беремін - депті.

Сонда Зат есім ойланып қалады. Себебі «ханның қызы» дегенде халық «Қандай? Қай?» дейді екен еріксіз.

Хан қызының аты Сын есім сұлу. Қап-қара қою шашы, аппақ жүзі, ботадай көздері, ұзын бойы бәрі-бәрі жарасымды. Оның сұлулығы туралы жырлар да жазылған. Ол тек сұлу емес, өте ақылды да болған екен.

Оны бір көру үшін Зат есім сарайға барады.



Сарай есігіне жақындаған сәтте оны күзетшілер кіргізбейді. Сонда да кетпей, қасқиып күтіп отырады. Біраздан соң хан өтіп бара жатып, мұны байқап қалады.

Хан:

-Сен мұнда не істеп тұрсың?

Зат есім:

-Хан, мен сіздің қызыңызды көргім келіп тұр.

Хан жігіттің батылдығына тәнті болып, көруіне келісім береді.


Айтпақшы, Ханның аты Етістік болатын, ол бәріне «не істеді? не қылды?» деп көп айтады-мыс.

Ханшайымның бөлмесіне кіргенде, Сын есім шашын тарап отырады. Зат есім оған ғашық болып, сұлу үшін ерлік жасауға дайын болады.

Келесі күні-ақ ол жауды жеңу үшін шабуылға шығады. Ол 4 күн және 4 түн шабуылда жүріп, жауды асқан ерлікпен жеңеді. Келесі күні сарайға келгенде, хан оны қуанышпен сырнайлатып, салтанатпен қарсы алады. Оған өз қызын беруге уәде береді.

Ханның жеті уәзірі болатын. Олар: Жіктеу, Сілтеу, Сұрау, Өздік, Жалпылау, Белгісіздік және Болымсыздық. Олардың басшысы Есімдік еді. Ол ханның қойшыға қатты құрмет көрсеткенін қызғанып, ханшайымды қойшыға тұрмысқа бергісі келмепті. Алайда қолдарынан ештеңе келмеді.

Хан қызын тұрмысқа беріп жатқанын естіп, елдегі бай жігіт Сан есім ханның сарайына



ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

жетіп барады. Себебі ол жастайынан Сын есімді жақсы көрген.

Ол Ханға келіп:

- Хан Ием, бұл Зат есім қойшы ғой! Ханшайым ондай адамға лайық емес! Сіз оған екінші тапсырма беріңіз! Орындаса қызыңызды берерсіз!

Хан:

- Жарайды, бірақ қандай тапсырма берейін?

- Мен де сіздің қызыңызды жақсы көремін! Біз алтыннан жасалған сандыққа бар байлықтарымызды салайық, кім сол сандықты көтеріп алып әкелсе және кімнің байлығы көбірек болса сол қызыңызды алады!

Хан ойлана келе келіседі.

Мұны естіген Зат есім қатты қиналады. Сол кезде қасына адал досы Үстеу келеді.

Зат есім тапсырма туралы бәрін айтып береді.



Үстеу:

- Уайымдама досым, мен саған Сан есімнен де көп байлық беремін! Сен сол байлықты көтеріп, ханға апарып, Сын есімді аласың!

Зат есім Үстеуге рахметін айтып, байлығын алады. Келесі күні Зат есім Сан есімді жеңеді. Хан қуанып «Сын есімді беремін!» деп шешті.

Ал Сан есім болса ашуланып Математика еліне кетеді.

Келесі күні хан Сын есімді тұрмысқа беруге дайындалады. Үстеуге дос деп Зат есім қатты сенетін. Бірақ сол Үстеудің ағасы Шылау да Сын есімге ғашық екен. Шылау Ханның Қызын Зат есімге, яғни қойшыға беретініне таң қалады.

Ол да қатты ашуланып сарайға келеді. Ханға келіп бар ойын айтады. Хан айтылғанға келіссе де, өз уәдесінде тұруды шешті.

Бірақ Шылау былай депті:

- Хан, ханшайымға өте өнерлі адам керек, біз Зат есіммен айтысып көрейік. Кім жеңсе сол алсын. Бір мүмкіндік беріңіз!

Хан, әрине, келіседі. Зат есім домбырадағы күйлерді өте жақсы ойнайды, бірақ өзі ешқашан айтысып көрмеген-тін. Ал Шылау болса ауылдың бар айтыстарына қатысып, 2 немесе 1-орындар алатын. Сонда Зат есім қайта қиналуды бастады. Сол кезде алдынан Еліктеуіш өтіп бара жатады. Еліктеуіш күйлерді Шылаудан да жақсы ойнайды. Ол жануардың да, заттардың да дыбысын шығарады. Сонда Зат есім оны тоқтатып, бәрін айтып береді. Еліктеуіш оны тыңдап, былай депті:

-Зат есім, сен күйлерді жақсы ойнайсың. Бірақ оны жеңу үшін бұның аз. Сен күйлерді, жыр өлеңдерді тыңдай бер, сонда ойың дамып, ұйқасты өлеңдер шығаруға дағдыланып, жеңесің деп ойлаймын!

Зат есім қуанып, күні бойы қазақ жырларын тыңдапты.

Келесі күні Зат есім Шылауды басымдықпен жеңеді. Сонда хан өз қызына батыл, бай, өнерлі адам тапқанын хабарлап, той ұйымдастырады.

Зат есім Сын есімді алып, кейін даналығымен «хан» атанады.

Олар өте көңілді, бақытты өмір сүреді.

Сол «Қазақ тілі» елі әлі күнге дейін бар көрінеді...

МАТЕМАТИКАДАҒЫ АМАЛДЫҢ ЕРЛІГІ

Ертеде Математика деген ел болыпты. Сол елдің Есеп деген ханы бар екен. Сол ханның Қосу, Азайту, Бөлу, Көбейту деген төрт қызы бойжетіп қалыпты.

Үлкені Қосу өте қарапайым, пысық қыз болып, өз достары, туыстарын күнде қонаққа шақыратын қонақжай екен. Ал екінші қызы Азайту өте нәзік және мейрім төгіп, өз заттарын кедей адамдарға таратып беріп азайтып отырған. Үшінші қызы Көбейту өте өзімшіл. Ол бәріне «маған сыйлықтарды көбейтіп беріңдер!» деп бұйырып, жар салып отырады екен. Төртінші қызы Бөлу өзіне берілген сыйлықтарды өз әпкелеріне бөліп беретін ақкөңіл жан.

Қыздардың Амал деген жақын досы бірге жүрді. Оның міндеті қыздармен ойнап, оларға түрлі ойыншықтар жасап, ертегілер оқып беру.

Амал өте мықты, жас, батыл, келбетті жігіт. Ол ханға және ханшайымдарға адал жұмыс істеді.

Бір күні хан қыздардың бөлмесіне кірсе, ханшайымдар жоқ.

Хан бұны көріп, өз адамдарын оларды іздеуге жібереді. Бір күн, бір түн іздейді. Бірақ таба алмайды.

Ханның әскері көрші Таблица деген ауылға барады. Сол жерде ханшайымдар Амалдың ауласында ойнап жүр.

Сөйтсе Амал қыздарды өз үйіне, көрші ауылға шақырған.





ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

Сонда қыздардың қуанғаны сонша, өз әкесіне хабарлауды ұмытып, рұқсатсыз кетіп қалған-тын.

Ханның әскері ханшайымдарды, Амалды Ханға апарады. Хан бұны естіп қатты ашуланады.


Хан:

- Сендер, менен рұқсат сұрамай қашып кеттіңдер ме? Мен мұнда бүкіл елді шулатып сендерді іздеп жатырмын ғой. Амал, мен сені ендігәрі ешқашан өз қыздарымның қасында көрмейтін болайын! Мен сені зынданға тастаймын!

Амал өз күндерін зынданда өткізеді. Сол зынданның күзетшісі Теңдеу деген жігіт өте жақсы адам еді. Ол Амалдың жақын досына айналады. Ол оны зынданнан шығара алмады, бірақ оған көрпе-төсек, тамақ әкеліп көмектесіп тұрды. Бірде Хан қыздардың бөлмесіне кірсе қыздар жоқ. Хан сыртқа шықса, Бөлшек деген жеті басты айдахар тұрады.

Айдахар:





- Мен сенің қыздарыңды алып, қамап қойдым! Хандығыңды маған бер, қыздарыңды сонда ғана қайтарамын!

Хан бұны халыққа айтып береді:

- Кім қыздарымды құтқарса, соған өз қызымды және жерімді беремін!

Сонда Теңдеу бұл хабарды Амалға айтып береді. Ал Амал болса Теңдеу арқылы өзінің құтқарғысы келетінін жеткізеді. Хан келіспейді:

- Жоқ, мен оны жібермеймін. Біздің жерімізде батырлар жетеді. Олар жеңе алады. Тек Амал бармасын!

Ханның елінде батырлар көп болса да, айдахардан ешкім тірі келмепті. Ханның шарасы болмай, Амалды босатуына тура келеді.

Амал айдахармен алысу үшін, көмекке Теңдеуді ертіп алады. Олар жолда келе жатып, бір қарияны көреді.

Сол қария Амалдың қайда бара жатқанын сұрайды. Мәнжайды білген соң қария:

ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

- Айдахарды жеңу оңай емес. Бірақ мен оның бір сырын білемін. Айдахар сендерге от шашып жатады. Бірақ сендер қорықпандар, айдахардың көзіне тіке қарап тұрындар. Сонда ол өз күшін жоғалтады!

Амал қарияға алғыс айтып жолды жалғастырады.

Айдахарға келгенде, жауыз жан-жағына от шашады. Бірақ олар қорықпай, тіке қарап тұрады. Сонда айдахар өз күшінен айрылады.

Амал өз батырлығы мен тапқырлығы арқасында жеңіске жетеді. Арманы орындалады.

Арман, мақсат, еңбек, қайтпас қайсар мінез болса жеңіске міндетті түрде жетеміз!



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МЕКЕНІ

Баяғыда жаратылыстану мекені тірлік кешіпті. Ол аспанда (ғарышта) орналасқан. Сол жердің ханы Күн, ал ханымы Ай екен. Олардың ортақ 8 ұлы ержетіпті. Есімдері: Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун. Олар өте ержүрек, батыл, ақылды, ата-анасының мақтаныштары.

Ханзадалардың екі көмекшісі болды. Олар: Шолпан, Темірқазық.

Сегіз ханзаданың бәріне Шолпан ұнапты. Ол өте әдемі, еңбекқор, мейрімді бойжеткен. Шолпанды Темірқазықтың адамгершілігі жақын тартты.

Бір күні Шолпан сарайда жүрсе, шұғыл хабарлама келеді. Ол хат Шолпанның ата-анасынан еді. Олар басқа аймаққа көшкісі



келетінін жазады. Шолпан таң қалды. Себебі, жұлдыздар отбасы ешқашан шетке шықпаған болатын, бірақ кетпеске оның еш амалы қалмады. Қалай да ата-анасын қолдау парызы.

Хабарды естіген ханзалар мұңаяды. Олар ханға келіп шағынады.

Юпитер:

- Әке, біз оның кеткенін қаламаймыз!

Марс:

- Иә, қаламаймыз!

Сатурн:

- Әке, бірнәрсе істеші!

Хан:

- Жарайды! Бірақ не істейін? Ойлана келе хан өз қолынан



келетінін жасайды.

Ертеңіне заң шығады. Заңға сүйенсек: Бұл елдің адамдары ешқайда көшіп кетпейді, ешкім сырттан көшіп келмейді. Шекаралар жабылады.


Халық бұл заңды түсінбейді. Бірақ орындамасқа шара жоқ.


Бұл заң елге ауыр тиді. Саудагерлер сыртқа барып заттарын өткізе алмаса, сырттан келетін тауарға адамдар зар болды. Көп адамадардың жағдайы төмендеп кетті.

Шолпанның үй іші де көше алмай қалды. Халық бір жерге қамалып қалғандай әсерде болды.

Ханның балалары да үнемі қыдырыста жүріп үйреніп қалған еді. Өздері бұл істі насырға шаптырып алып өкінді. Әр адамның өз бостандығы болатынын түсінді. Шолпанды да қинап, таңдауына әсер ете алмайтындарын ұғынды.

Әкесіне заңды өзгерт деуге де батылдары бармады. Себебі хан бір айтқанынан қайтпайтын, шығарған заңын өзгертпейтін бірбеткей болатын. Халықтың бар үміті Темірқазықта болды.





Темірқазық асқан күйші еді. Ол халықтың бүгінгі мұң-зарын күйге салып, сарай жанында шерте бастайды.

Бұл әуен хан құлағына жетеді. Күйден халықтың жағдайы, адамдардың еркіндікті аңсайтыны, қалаулары анық көрінеді.

Ханның жүрегі жібіп ұлдарын шақырады.

- Ұлдарым, бұл жайт сендерге сабақ болсын, жаратылыста өз қалауларың үшін басқалардың еркіндігін шектемеңдер. Әр адам қалауын жасасын, еркін ойласын, жүрсін, тұрсын, Әлемді көрсін!

Ұлдар басын изеп түсінгендерін жеткізді.

Шекаралар ашылып, ел қуанышқа бөленді.

Темірқазық Шолпанмен бас қосты, ханның ұлдары тойға келді. Шолпанның таңдауын сыйлайтындарын жеткізді.

Содан бері Жаратылыс елінің басты ұраны адам бостандығы, еркіндігі болыпты!





НОТАЛАР

Ертеде Музыка елінде Нота атты ата өмір сүріпті. Оның жеті қызы болады. Олар: До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си. Қыздар әдемі әрі өнерлі болғандықтан халық оларды Ноталар деп атайды. До әнші, Ре биші, Ми күйші, Фа домбырашы, Соль түрлі аспаптарда ойнаушы, Ля балерина, Си білімді қыз. Олардың үйіндегі ең маңызды заты музыкалық кілт екен. Бір күні Ноталар далада ойнап жүріп үйдегі бір дауысты естиді. Үйге келіп, не болып қалғанын сұраса, атасы:

-Музыкалық кілт жоғалып кетті! Онсыз біз музыканы бастай алмаймыз!

До:

-Ұрлап алған кім? - деген кезде, алдарынан Математика деген әже шығады.

Математика:

- Мен сендердің музыкалық кілттеріңді алып, тығып қойдым!

Соль:

-Не үшін? Біз сізге не жамандық жасадық?

Математика:

-Сендердің кесірлеріңнен балалар математика пәнін емес, музыка пәнін сүйеді. Музыкалық кілт болмаса, музыка басталмайды. Басы болмаса аяғы болмайды. Алақай!

Ре:

-Сіз кілтті қайда тығып қойдыңыз?

Математика:

-Жарайды айтайын! Сендер оны бәрібір ала алмайсыңдар! Ол ең биік таудың үстінде. Оған көтерілгенше 100 жыл өтеді.

Ми:

-Сонда сіз қалай көтерілдіңіз?





Математика:

- Оны айтпаймын! - деп ұшып кетеді.

Ал қыздар сөйлесіп, атасымен қоштасып, кілтті табу үшін жолға шығады. Аттарының үстінде келе жатып, Дене шынықтыру деген сабақты көреді. Ол қыздарға көмек бергісі келген еді. Қыздар келіседі. 1-2 күннен кейін таудың жанына келеді. Енді таудың үстіне шығу ғана қалды.

Дене шынықтыру: - Мен өзім барайын!

Ноталар тағы келіседі. Дене шынықтыру кетіп, бір жылдан кейін оралады. Музыкалық кілтті зорға тауып, оралу үшін бар күш-жігерін жұмсапты.

Ноталар оған алғысын айтып, үйлеріне Дене шынықтырумен бірге қайтады.

Қыздардың келгеніне Музыка елі шат-шадыман той жасайды. Тойға Математика әжені де шақырады. Музыка Математикаға ешқашан кедергі жасамауға уәде беріп, дос қалыпта ажырапты.

ВИРУС

Ертеде сиқырлы ғажайып орман болыпты. Оның ішінде түрлі-түрлі жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер және тіпті адамдар тұрады. Ағаштары саялы, жемістері дәмді, жануарлары мейірімді екен. Олар өте көңілді өмір сүрді. Бір-бірімен араласты, қонаққа шақырысты, үлкен жиындарда кездесті. Әр демалыста топ болып теңізге баратын, саяхаттайтын, қыдыратын.

Күндердің бір күнінде ойламаған жерден үлкен жағымсыз жағдай туады.

Орманға вирус келеді. Орманның тұрғындары оған бірінші үш күн мән бермейді. Бірақ үш күнде 200 тұрғын белгісіз аурумен ауырып қалады. Бәрі таң қалып, емін таба алмай, тұрғындарды барынша жинап жиналыс ашыпты. Ең бірінші адам сөз алады:

- Біз бұл вирустан сақтануымыз керек. Бұл өте күрделі жағдай. Кімнің қандай ойы бар?


Аю:

- Меніңше, бұл жұқпалы сияқты. Сондықтан біз үйден шықпауымыз керек. Шықпасақ жұқтырмай көпшілігіміз аман қаламыз.

Аюдың ойына жануарлардың жартысы ғана келіседі. Көбісі құптай қоймайды.

Түлкі:

- Мен шешіммен келіспеймін. Біз керісінше далада көп жүріп, таза ауамен дем алуымыз керек. Әйтпесе иммунитетіміз әлсіреп, одан сайын ауырамыз.



Түлкімен қалған жартысы келіседі.
Талас-тартыс, айтыс болып кетеді.
Сонда адам қорытынды сөз айтады:
- Бірінші түлкінің ойын, кейін аюдың ойын жүзеге асырып көрейік. Қайсысы тиімді болса соны қалдырамыз.

Күндер жылжиды ормандағы ахуал нашарлай түседі. Тұрғындар бір-бірімен араласып, одан бетер вирус тарап кетеді. Орманға қыдырып келген көршілер де ауырып, өз мекендеріне вирусты жеткізеді. Бір шешімге келу керегін бәрі түсінеді.

Орман тұрғындарының үлкен жиналысы болатыны хабарланып, бәрі түгел жиналады.

Адам:

- Кімнің қандай ойы бар? – деп жиналысты ашып береді.
Жануарлар, адамдар 2 сағат бойы сөз таластырады. Соңында ортаға дәрігер қоян шығып қорытынды жасайды . Қоян :

Ең басты шара – жеке гигиена.

1.Қолды күніне 5 рет сабынмен жуу;

2.Күніне 20 минутқа далаға шығу;

3.Тісті күніне 2 рет жуу;

4.Адамдар көп жерде маска кию;

5.Антисептикпен қолды шаю;

6.Той, концерт жасамау;

7.Ұшақтар мен поездар, көліктердің жүрісін шектеу;

8.Сырттан келгендерді, шыққандарды вирусқа тексеру.

Бұл шаралар орманда қатал сақталды. Бағынбаған түлкі секілділер жазаланды. Соның арқасында вирус азайды.

Кейін дәрісі де жасалды. Қоян мықты орман дәрігері атағын иемденді.

Бұдан кейін барлығы осындай вирус орманда таралмауы үшін мұқият болды.

Орман баяғы ғажайып бақытты мекенге қайта айналды.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ОНЛАЙН ОҚУЫ

Орман, далада, қалада барлық жерде жануарлар жеті жасқа тола мектептерге қабылданатын заман болыпты. Мектеп өз оқушыларын әрқашан құшақ жая қарсы алады. Мұғалімдер де бар білгенін аямай, әрқайсысының талантын ашуға, достастыруға барын салыпты. Мектептегі күндер кімге де болса ұнапты.

Уақыт зырлап өте береді. Ойламаған жерден әлемге белгісіз вирус тарайды. Осылайша мектеп арқылы балаларға ауру тармау үшін бүкіл мектептер карантинге жабылады.

Алайда білім алу тоқтатылмау керек. Сол үшін оқушыларға онлайн оқу түрі басталып кететіні хабарланады.

Ол үшін әр оқушыда телефон, ноутбук, планшеттің әйтеуір біреуі болуы керек. Бұл оңай шаруа болмады. Кейбір жануарлардың он шақтыға дейін балалары болып, әрқайсысына жеке тауып беруге мүмкіндік табылмады. Кейбіреулердің интернет желісі жұмыс жасамады.

Алайда анау жоқ, мынау жоқ деп отыруға уақыт жоқ. Бір ай дайындықтан кейін онлайн оқу басталды да кетті.

Басында бәрі қуанды. Үй киіммен сабақ оқи беруге болады, таңертең кейде тоңып, кейде ыстықтап, ауыр сөмке арқалап, біраз жол жүріп мектепке бару керек емес. Қалаған уақытта тамақ жеп үйде қалуға болады. Үй мен мектеп арасына уақыт кетпейді.

1-2 күннен кейін балаларға бұл оқу ұнамай қалды. Оның жақсы жақтармен қатар жаман жақтарын да байқады.




Жаман жақтары: телефон экранынан сабақ тыңдап, оқып көздері ауырды, үй жұмысын көп берді, сабақтарды түсінбей шатасты.

Ата-аналарға бұл ұнамайды. Өздері жұмыстан шаршап келгенде мұғалім секілді балаларымен тағы отыру керек болды. Кейбір тақырыптарды үлкендер де түсінбей жатты.

Сонда бар жануарлар жиналып, балаларының болашағы үшін вируспен күрескісі келеді. Вирусқа қарсы дәрі ізделді, бірақ жедел уақытта табылмады. Онлайн оқудан басқа амал қалмайды.

Сол уақытта табиғатта орман тазарып, құстар ұшып, ән айтады. Бұл, әрине, аңдардың даланы ластамай, далаға шықпауы, онлайн оқу болғанының жақсы жақтарына жатады.

Онлайн жүйе аңдарға таратылады. Бір күні мұғалімдер әр сабаққа бір-бір чаттан ашып қойыпты. Сонда ата-аналар шатаста бастайды. Қай чаттан тапсырма алатынынан ұмытады. Бір күні Қоян Тоқылдақ мұғаліміне қоңырау шалады.



Қоян:

- Апай, анамның номерін емес, менің номерімді чаттарға қосыңызшы!

Тоқылдақ:

- Не үшін???

Қоян:

- Себебі, бізде үйде бала көп. Анам шатасып кетті.

Тоқылдақ қосады. Көршілері Кірпіде бала көп. Анасында ғана телефон бар. Осындай аңдар қалай оқып жатқаны түсініксіз. Бірақ талап баршаға ортақ.

1 жылдан кейін вирус кетеді. Аңдар бұрынғыдай емес, мектептің, достарының, мұғалімдердің қадірін түсініпті.

Аңдар ең құнды нәрсе - бір-бірімен шынайы араласу екенін осы кезеңнен кейін бағалады. Ешнәрсеге таласпай, тартыспай өмір сүруге серт берісті.

Ал мектеп өз сүйікті оқушыларын қыркүйекте құшақ жая қарсы алды.



ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ



Ертеде Жыл атты байдың төрт сұлу қызы болыпты. Олардың есімдері: Көктем, Қыс, Күз, Жаз. Қыздардың сұлулығы ерекше екен.

Көктем – өте жайдарлы мінезді, көздерінен мейірім төккен ару. Көктем қай жерге кірсе де жан-жағын нұрға бөлеп, шуағы төгіледі. Сол себепті адамдар оған үйір екен. Ата-аналар қыздарына «Көктемнен үлгі ал!» деп ақыл айтатын.

Жаз – өте көңілді қыз. Ол жүрген жер көңілді қыдырыс, жақсы саяхат, мазмұнды отырыстарға айналады да кетеді. Жанына келгендер Жаз кетіп қаламаса екен деп қорқатын. Себебі ол кетіп қалса айнала суық тартып, көңілсіздік орнайтын. Сондықтан Жазды жақсы көретіндер Күнқыз деп атап кетіпті.

Күз – өте дарқан көңілді сұлу. Қолы өте ашық. Үнемі

ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

қайырымдылықпен айналысты. Кімге жемістер, көкөністер, астық, нан керек тарата беріпті. Ол таратқан сайын несібесі артып баи түсіпті. Күздің жомарттығы, алтын шаштарының сұлулығы әлемге тарапты. Оның жақсылығын көрген барлық адамзат тек қана батасын беріпті.

Қыс – өте ерке, әкесінің кенжесі. Өте аппақ, сұлу, бірақ сұсты болыпты. Сондықтан да адамдар көп жолай қоймапты. Түрі сұсты болғанмен жүрегі аппақ Қыстың бұған көңілі әбден түседі.

Төрт қыздың отбасының жақын достарының баласы Табиғат атты жігіт екен.

Ол қыздардың күндерін қызық өткізу мақсатында күнде бір-бірден өз ауласына қонаққа шақырады.

Бірінші Көктем мен Жаз келеді. Олармен уақыт өткізген Табиғатқа қатты ұнайды. Әсіресе Көктем. Ол өте әдемі, әдепті, еңбекқор қыз. Күз бен Жаз да жаман емес.

Ал Қыс туралы жағымсыз хабарларды естіген Табиғат оны кезегінде қонаққа шақырмай қояды. Қыс болса Табиғатқа ба-



ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

рамын деп дайындалып, әдемі қырау сырғасын тағып, аппақ көйлегін дайындап отырған еді.

Шақырту келмегесін қатты жабырқайды. Жүрегі қан жылайды. «Адамдар неге сырт келбетіме қарап баға береді?» деп қиналады. Ренжігені соншалық Табиғатпен сөйлескісі келіп үйіне жол тартады.

Келсе ол өзінің есігінің алдына кірпіштен жасалған қабырға салып қойыпты. Онысы Қыс келсе кірмесін дегені. Қыс бұл жайды көріп таң қалады. Ашуға мініп мұңаймайды. Бар күшімен кірпішті мұздатып, сындырып жібереді. Үйдің ішіне кіріп, аула мен бөлмелерді шашып кетеді.


Табиғат шашылған дүниелерін көріп қыз туралы жағымсыз әңгімелердің растығына тағы көзі жетеді. Келесі күні Көктеммен Қыс жайлы әңгімелеседі.

Көктем:

-Менің сіңілімнің ондайы жоқ еді. Ол жақсы қыз.

Табиғат:

- Білмеймін! Сенгім келеді!



Көктем:

-Мүмкін сен онымен жеке сөйлесерсің? Ол өз қатесін түсініп, енді біреудің үйіне кіріп бүлдіріп кетпейтін болады.

Табиғат:

-Жарайды.

Осылайша Табиғат пен Қыс ертеңіне дәмханада жолығады.

Асықпай әдемі жарасымды сұхбат болады. Қыс өзі туралы адамдардың қате пікір таратып жүргенін әңгімелейді. Табиғат болса адамды танымай тұрып өсек сөзге сенгеніне ұялады. Қыстан кешірім өтінеді. Қыс, әрине, кешіреді.

Бұл жайт Табиғат үшін үлкен сабақ болыпты. Қыстың түсі суық болғанмен, жүрегінің ақтығына таңданды. Бұдан кейін адамды жеке танымай тұрып жұрттың сөзіне сенбеуге уәде береді.



ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ДОСТЫҒЫ

Сонау ғасырларда екі дос ел өмір сүріпті. Олар қазақ ертегілері және орыс ертегілері аталыпты. Олар бір-бірін білгендерімен, сырттан естігендерімен, өмірде араласпапты. Алыс-беріс, тіпті сауда да болмапты.

Қазақ ертегілер елінде Ер төстік, Алдар көсе және тағы басқалары өмір сүрді. Олар қонақжай халық. Кім келсе де құшағын жая қарсы алып, малын сойып, қазан-қазан асымен сыйлапты. Өнерпаздары әннен шашу шашып, жырымен ұйытып, балуандар жарысымен әрлепті. Қазақ халқы тамаша дарқан көңілді ел болып танылды.



Орыс ертегілер жерінде: Маша, Иванушка, Емеля және т.б тұрды. Олар да көңілді өмір сүрді. Орыстар қонақты тұз бен нанын алып шығып құрметпен қарсы алатын. Балалайка, сырнай, кернейлерімен өнер көрсетіп, борщтарымен сыйлайтын. Орыстардың оқу мен ғылымы да биік тұрды.

Екі елдің атағы шыға келе, екі ел адамдарының бір-біріне деген қызығушылығы арта түседі.

Бір күндері қазақ ертегілері кейіпкерлері орыс ертегілеріне қонаққа барғысы келеді. Ел Ер Төстікті жібермек болады. Әрине, ол қазақтың жөн-жоралғысымен, сыйымен аттануды жөн көрді. Әдемілеп бір жылқыны сойды, жылқының басын ұйытып, тазалап салып алды. Ішегінен қазы айналдырды. Сиырдың құрт-майын ұмытпады, қойдың құйрығы мен бауырын бөлек салып алды. Бауырсақты үлпілдетіп пісіртіп, мұқият суытты. Қазақтың шапаны мен тақиясын да сыйға орап алды.

Осылайша шекара асып Орыстың кең байтақ Ұлы даласына жетті. Табиғаттары өте керемет екен. Орманы қалың, жері құнарлы, өзен-көлдері мол боп шықты. Сулы, нулы жерді көріп таңданып келе жатып патша сарайына жетіп қалғанын байқамай қалды.

Иван-Царевич садағының жебесін тазалап отыр екен. Бейтанысты көріп басын көтерді.

Ер Төстік:

- Бауырым қалайсың?

Иван:

-Ты кто? Что ты тут делаешь? На каком языке говоришь?

Осылайша екі кейіпкерде түсініспеушілік туды. Бірақ жақсысы қазақ тілін білетін тілмаш бар болып шықты. Ол екі кейіпкерді аударып, Төстіктің сый сияпатын таныстыруына көмектесті.

Ер Төстік жылқының басын алып шығарғанда Иван шошып кетті. Ол жылқыларды мінгенді жақсы көретіндіктен етін жемейтін, басын көргенде тіптен шошып кетті. Қазақтың қазысына жылқының еті деген соң беттемей қалды. Бауырсағын жеп арасынан ет пе, картошкасы ма бар бәліш деп қалды. Алайда ештеңесі жоқ екенін түсініп күліп алды.

ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

Қазақтың тарихы, даласы, салты, адамдары туралы тәптіштеп сұрап алды. Ішінен жерлері кең, адамдары ақкөңіл әрі сенгіш екен, патша әкеме айтып жерлерін өз елімізге қосып алуға болады екен деген жымысқы ойы да болды.

Иван Төстікке орыстарға сай қонақ етіп, сыйлап, тон кигізіп шығарып салды. Өзі де көп кешікпей қазақ ертегілері еліне қонаққа баратынын жеткізді.



Уәде бойынша күндердің күнінде Иван-Царевич қазақ еліне аттанбақшы болады. Оған Емеля еріншек бірге барам деп ілесіп алады. Тіпті ұшатын пешін тастамай соған отырып алады.

Шекарадан өткен соң орыстар қазақтың даласына тәнті болады. Неткен табиғат! Ол шеті мен бұл шетіне қарасаң көз жетпейді. Теңіздері тұнық, таулары биік, ормандары ну. Тек қана бағалау керек сияқты!

Таңданып келе жатып Төстіктің мекеніне қалай жеткендерін байқамай қалады. Аулада Төстіктің жұбайы Кенжекей кір жайып жүр екен.

Емеля өзінің пешінен түспей жатып Кенжекей сұлуға амандаса кетеді.

Емеля: - Эй, привет красавица !

Кенжекей: - Бұл кім өзі? Шашы таралмаған, киімі жыртық? Түсініксіз тілде сөйлейді.

Кенжекей жүгіріп үйге кіріп, Төстікке қонақ келгенін жеткізеді. Сыртқа шыққан Төстік ескі таныстарын көріп қатты қуанады.

Иван төрге шығып, елінің жаңалығын айтады. Өзінің сыйлығын шығара бастайды. Аса бір қуанышпен шошқаның үйітілген басын дастарқанға шығарғанда қазақтар шошығаннан ыршып түседі. Содан кейін Иванға шошқаның қазақ үшін харам ас саналатынын жеткізеді. Орыстар иттерін үй ішінде ұстайтын. Қазақтың иттері даланы паналайтынын естіп мақұлықтарды қатты аяды. Ал көкпар ойынын көріп, тіпті, жүректері ауырды. Доптың орнына тірі серкені жұлмалағандары жандарын ауыртты.

Әр елдің салты басқа деген осыдан қалса керек.

Осыдан кейін екі ел кейіпкерлері бір-бірімен тығыз араласа бастады.

Шетелге шығу олардың көкжиегін кеңейтті, өзге елдерден халқының ерекше екендігін ұғындырды.

Қандай болса да, өңіне, түсіне, салтына, көзқарасына қарамай әр елді құрметтеуіміз, бейбітшілікте өмір сүруіміз керек!

ҚҰПИЯ ҚҰМЫРА

Бір күні бауырларыммен аулада жүрсем, сонау жерден жалтырақ құмыра көрдім. Көрші балалар ұмытып кеткен болар деп қолыма алдым.

Сол-ақ екен мен басқа әлемге түсіп кеттім.

Жан жағыма қарасам ескі ауыл, шаң топырақ, шақырайған құм. Жаныма үлкен кер атпен ескі заман батырларының киімімен біреу шауып келеді.

- Сен қыз кімсің? - деді аяғымдағы красовкаға, джинсы шалбарға, футболкама, кепкама таңғала қарап.

- Мен Разиямын! Нұр - Сұлтан қаласынанмын. Мен қайдамын? - дедім шошып.

- Нұр - Сұлтан деген қала бар ма? Мен Керқұла атты Кендебаймын. Бұл қазақ ертегілер әлемі.

Батыр меннен келешек, жаңа технологиялар туралы сұрады.

- Разия, сен мұнда қалшы. Сен маған көмектесесің.

- Жоқ, мен үйге баруым керек. Қала алмаймын. Үйге тап болуыма көмектес!

Кендебай:

- Бұл жерге тап болуыңа құмыра себеп болған сияқты. Сондықтан сол құмыраны тауып алуымыз керек. Құмыра туралы ертегі қандай еді?

- Алладин ғой! - дедім.

- Ендеше сен өз заманыңа түсу үшін Алладинді табуымыз керек.

- Сен оның қайда екенін білесің бе?

- Бір білсе оны Тазша бала білер. Ол басқа ауылда тұрады. Кеттік!

Осылайша біз Тазша бала ауылына келдік. Тазша бала - үстінде жыртық шапанды, шашы жоқ таз, сары бала. Білмейтіні жоқ деседі. Біздің сұрағымызға жауабы да бар боп шықты.

Тазша:

- Алладин қазір бір тауда. Ол тауға Ер Төстіктің әкесі Ерназар байдың жүйрік аты ғана бара алады. Ал Ерназар бай өз жүйрігін ешкімге бермейді.

Осылайша Тазша баланың нұсқауымен Ерназар байдың үйіне қарай бет ала жүрдік. Ерназар бай:

- Керқұла атты Кендебай сенің қасыңдағы қыз кім?

Кендебай:

- Бұл-Разия, ол болашақтан келген! Біз сіздің үйіңізге ұзақ жол жүріп жеттік.

Ерназар:

- Сендер не үшін менің үйіме келдіңдер?

Разия:

- Маған үйге қайту керек. Ал ол үшін сіздің жүйрік атыңыз керек! Өтінемін беріңізші!

- Жақсы. Сендерге атымды беремін. Бірақ сендер менің бір шартымды орындаңдар!

Разия:

- Біз сіздің бар тапсырмаларыңызды орындаймыз!

Ерназар:

- Сендер көрші ауылға барып, сол жерде жасырылған сиқырлы жүзікті тауып, маған әкеліп берулерің керек!

Келесі күні жолға шығып, көрші ауылға келдік. Күні бойы еңбектеніп, сол жүзік те табылды.

Ерназар бай уәдеде тұрып, өз жүйрік атын береді. Сол ат тауға жылдам жетеді. Үңгірлерді аралай жүріп, құпия құмыра да табылды. Орамалмен сүртіп, үрлегенде ішінен дәу пері атып шықты.

Джин:

- Сендер мені босаттыңдар, енді сендердің үш армандарыңды орындаймын!



Мен:

- Біріншісі, менің инстаграмымдағы акаунтымда 1000000 оқырман болсын!

- Екіншісі, мен мектепті беске бітіргім келеді!

- Үшіншісі, үйге қайтқым келеді! - дегенде бірден үйімнен бір-ақ шықтым.

Бөлмемде, өз төсегімде жатырмын. Сөйтсем бұл түсім екен ғой!



КЕМЕДЕГІ КІШКЕНТАЙ АДАМДАР

Жаз мезгілі болса оқушы балаларды көбінесе ата-әжесінің үйіне апарып тастайды. Биыл мені де сөйтті. Әжемнің үйінде тұрған шкафта сөре тұратын. Ал оның үстінде әдемі кеме тұрды. Ол көрген адамның көзін тартатын. Мен оны көрген бойда бірден әжемнен ойнауға беруін сұрадым. Әжем маған ешқашан «жоқ» деп көрген жоқ. Бірақ осы жолы рұқсат бермеді. Ол өте нәзік естелік екенін, әжем үшін қымбат екенін, мен алсам сындырып алуым мүмкіндігін түсіндірді. Бірақ мен қайтпадым. Қатты жылап көрсем де онымнан түк шықпады. Мен сол күннен бастап кемеге ұзақ қарап тұрдым. Ол маған шынайы болып көрінді. Бұл кеме сиқырлы екенін, ішінде кішкентай тірі адамдар бар екенін сездім. Оларды қатты көргім келді. Кешке шәй ішіп болған кезде ұйықтауға рұқсат сұрадым. Әжем ерте жатқаным таң қалды. Сол күні ерте

жаттық. Әжем жарық сөндіріп, үй іші қараңғы болды. Ештеңе көрінбеді. Сондықтан мен әдейі қозғалып жаттым.

Әжем: - Сен неге қозғалып жатырсың? - деп сұрады.

Мен: - Мен қараңғыда ұйықтай алмаймын! - дедім.

Әжем ұрысты, бірақ кейін өзі шам қосып қойды. Тым жарық болған жоқ, бірақ кеме көрініп тұрды. Мен оған ұзақ қарап тұрдым, аңдыдым. Ешкімді көрмедім. Осылай бақылаумен ұйқысыз таң да атты.

Мен күні бойы сол кішкентай адамдар туралы ойладым.

Сол кезде бір амал ойлап таптым. Су шүберекті алып, сияға батырып үстел үстіне қойдым. Түнде қайта ерте жатуға рұқсат сұрадым. Ертеңіне ешқандай іздерді көрмедім.

Таңға астан кейін әжем дүкенге кетті, ал мен үйде жалғыз қалдым. Сол кемеге қарап тұрдым. Кейін шыдамым таусылып, кемені орнынан қозғап қолыма алдым, қозғала бере сындырып алдым. Ішінде кішкентай адам да басқа да ешкім болған жоқ. Мен ұзақ жыладым.

Әжем келген соң бәрін түгел айтып бердім. Ол «ай, баламысың деген» деп басымнан сипады, бәрін түсініп, кешірді.

Сондықтан бір нәрсе ойласаң, қиялдасаң, үлкендермен бөлісіп, ақылдасқан дұрыстығын осы оқиғадан соң ұқтым.



ҒАЖАЙЫП ТОСТАҚ

Ертеде бір кішкентай қалада кедей әйел өмір сүріпті. Оның Мерей деген қызы болды. Бірде Мерей орманға, құлпынай әкелуге кетеді. Ол көп құлпынай жинап алып, үйге қайтады. Жолдың ортасында бір кәрі әжені кездестіреді:

- Маған құлпынай берші!

Мерей:

- Жеңіз, әже, - дейді.

Әже үш құлпынай жеп болып:

- Сен өте мейірімді баласың. Сол үшін менен сыйға мына тостақты ал! Бұған «оңға, солға қарашы, Тостағым, ботқа пісірші!» десең, тостақ тәтті ботқа пісіруді бастайды. Ал егер тойсаң, айт: «Оңға, солға қарашы, Тостағым, пісіруді қойшы» сол сәтте тостақ пісіруді қояды.

Мерей рахметін айтып үйіне қайтады.

Дәл сол күннен бастап Мерей мен анасының көңілі көтеріңкі болды. Ертеңіне Мерей қайта орманға кетеді.

Ал анасы тостағын алып, айтады: Оңға, солға қарашы, Тостағым, ботқа пісірші! Тостақ ботқа пісіреді. Жейді, жейді бірақ тоймайды. Қасына мысық келіп, ботқа сұрайды. Ол оны итеріп, бермей қояды. Мысық қатты мияулағандықтан, анасы пісіруді тоқтататын сөздің бәрін ұмытады.

Ботқа жерге төгіліп қалады. Бірақ ол ештеңе істей алмайды. Қаланың бәрі сол ботқаға



оранады. Көмекке Мерей келіп бәрін тоқтатады.

Адамдар осы ботқаны 2 айдай жеп жүрді. Түнде жануарлар да келіп жүрді.

Сонда Мерейдің анасы түсінді. Адам жомарт, қолы ашық болуы керек екен. Бір мысықтан аяған ботқа, бүкіл қала адамдары мен жануарларына жетті. Енді ол сұраған жандардан аямайтын болды.

Сол арқылы Мерей мен анасын бүкіл қала, кейін бүкіл ел сыйлайтын болады.

Keң болсаң, кем болмайсың!



МАЗМҰНЫ

Сөз таптарының хикаясы.....	6
Математикадағы Амалдың ерлігі.....	10
Жаратылыстану мекені.....	15
Ноталар.....	21
Вирус.....	24
Жануарлардың онлайн оқуы.....	26
Жыл мезгілдері.....	29
Орыс және қазақ ертегілері достығы.....	34
Құпия құмыра.....	38
Кемедегі кішкентай адамдар.....	42
Ғажайып тостақ.....	44